

### **«АртГрад» ЖШС дербес деректерді өңдеу саясаты**

*ҚР 21.05.2013 ж. № 94-V ҚРЗ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – «Заң») сәйкес шексіз қолжетімділік үшін*

1. Осы Саясатта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) дербес деректер - солардың негізінде нақты немесе анықталатын дербес деректер субъектісіне жататын, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер;
- 2) дербес деректерді бұғаттау - дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер;
- 3) дербес деректерді жинақтау - дербес деректерді қамтитын базаға енгізу жолымен дербес деректерді жүйелеу жөніндегі іс-әрекеттер;
- 4) дербес деректерді жинау - дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер;
- 5) дербес деректерді жою - жүзеге асырылуының нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін емес іс-әрекеттер;
- 6) дербес деректерді қорғау - осы Саясатта белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын шаралар, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың кешені;
- 7) дербес деректерді өңдеу - дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;
- 8) дербес деректерді пайдалану - меншік иесінің, оператордың және үшінші тұлға қызметінің мақсаттарын іске асыруға бағытталған дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттер;
- 9) дербес деректерді сақтау - дербес деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс - әрекеттер;
- 10) дербес деректерді тарату - жүзеге асырылуының нәтижесінде дербес деректерді беру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беру немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен қол жеткізу жүргізілетін іс-әрекеттер;
- 11) Дербес деректердің субъектісі (бұдан әрі - субъект) - дербес деректер жататын жеке тұлға;
- 12) үшінші тұлға - субъект, меншік иесі және (немесе) оператор болып табылмайды, бірақ дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі олармен (онымен) мән-жайлар немесе құқықтық қатынастар арқылы байланысты тұлға.

2. Осы саясаттың мақсаты Сатып алушының дербес деректерін жинау және өңдеу кезінде құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Осы Саясатпен дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға байланысты қатынастар реттеледі.

4. Осы Саясат:

- 1) егер басқа жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтары мен Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары бұзылмаса, субъектілердің дербес деректерді тек жеке және отбасылық мұқтаждар үшін жинау, өңдеу және қорғау;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді қамтитын Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын және басқа да мұрағат құжаттарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану;
- 3) «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік құпияларға жатқызылған дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау;
- 4) барлау, қарсы барлау, жедел-іздістіру қызметінің барысында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде қорғалатын адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.

5. Дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау:

- 1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) заңдылық;
- 3) қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығы;
- 4) субъектілердің, меншік иелері мен операторлар құқықтарының теңдігі;
- 5) тұлғаның, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Барлығына қолжетімді дербес деректер - субъектінің келісімімен қол жеткізу еркін болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын дербес деректер.

7. Заңның 9-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді жинауды, өңдеуді меншік иесі және (немесе) оператор субъектісінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылады.

Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарда дербес деректерді жинау, өңдеудің ерекшеліктері Заңның ережелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

8. Субъект немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге жазбаша немесе электрондық құжат нысанында не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып, өзге де тәсілмен келісім береді (кері қайтарып алады).

Субъект немесе оның заңды өкілі, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе не орындалмаған міндеттеме болған жағдайда, дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді кері қайтарып ала алмайды.

9. Дербес деректерге қол жеткізу, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, субъектінің немесе оның заңды өкілінің меншік иесіне және (немесе) операторға оларды жинау мен өңдеуге берілген келісімінің шарттарымен айқындалады.

Егер меншік иесі және (немесе) оператор және (немесе) үшінші тұлға заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдаудан бас тартса немесе оларды қамтамасыз ете алмаса, дербес деректерге қол жеткізуге тыйым салынуы тиіс.

10. Кәсіби, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

11. Дербес деректерді жинақтау меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректерді жинау жолымен жүргізіледі.

12. Дербес деректерді сақтауды меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға Қазақстан Республикасының аумағында сақталатын базада жүзеге асырады.

Дербес деректерді сақтау мерзімі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы көзделмесе, оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу күнімен айқындалады.

13. Дербес деректерді өзгертуді және толықтыруды меншік иесі және (немесе) оператор субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтініші (сұрау салуының) негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырады.

14. Дербес деректерді пайдалануды меншік иесі, оператор және үшінші тұлға оларды жинаудың бұрын мәлімделген мақсаттары үшін ғана жүзеге асыруға тиіс.

15. Дербес деректерді, егер субъектінің құқықтары мен бостандықтары бұзылмаса, сондай-ақ өзге де жеке және (немесе) заңды тұлғалардың заңды мүдделері қозғалмаса, таратуға жол беріледі.

Дербес деректерді жинаудың бұрын мәлімделген мақсаттарының аясынан шығатын жағдайларда тарату субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылады.

16. Дербес деректерді меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға:

- 1) Заңға сәйкес сақтау мерзімі өткен соң;
- 2) субъект, меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлғаның арасындағы құқықтық қатынастар тоқтатылған кезде;
- 3) сот шешімі заңды күшіне енген кезде;
- 4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда жоюы тиіс.

17. Субъектінің оның дербес деректерін үшінші тұлғаға беру туралы хабардар ету шарты болған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқасы көзделмесе, меншік иесі және (немесе) оператор он жұмыс күнінің ішінде бұл туралы субъектінің немесе оның заңды өкілін хабардар етеді.

18. Дербес деректер қорғалуға тиіс, оған Қазақстан Республикасы кепілдік береді.

Дербес деректерді жинау және өңдеу оларды қорғау қамтамасыз етілген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

19. Дербес деректерді қорғау шаралар кешенін, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды:

- 1) жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасылық құпияға құқықтарды іске асыру;
- 2) олардың тұтастығын және сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) олардың құпиялылығын сақтау;
- 4) оларға қол жеткізу құқығын іске асыру;
- 5) оларды заңсыз жинау мен өңдеудің алдын алу мақсатында қолдану жолымен жүзеге асырылады.

20. Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға:

- 1) дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің алдын-алуды;
- 2) егер мұндай рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу мүмкін болмаса, дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін дер кезінде анықтауды;
- 3) дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің қолайсыз салдарларын азайтуды қамтамасыз ететін дербес деректерді қорғау жөніндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті.

21. Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттері дербес деректерді жинау сәтінен бастап туындайды және олар жойылған не иесіздендірілген сәтке дейін қолданылады.

22. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды қорғау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

23. Сатып алушы:

- 1) меншік иесінде және (немесе) операторда, сондай-ақ үшінші тұлғада өзінің дербес деректерінің болуы туралы білуге, сондай-ақ құрамында мынадай ақпараттары:
  - ✓ дербес деректерді жинау және өңдеу фактісін, мақсатын, көздерін, тәсілдерін растау;
  - ✓ дербес деректердің тізбесі;
  - ✓ дербес деректерді өңдеу мерзімдері, оның ішінде оларды сақтау мерзімдері бар ақпараттарды алуға;
- 2) тиісті құжаттармен расталған негіздер болған кезде меншік иесінен және (немесе) оператордан өзінің дербес деректерін өзгертуді және толықтыруды талап етуге;
- 3) дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылуы туралы ақпарат болған жағдайда меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан өзінің дербес деректерін бұғаттауды талап етуге;
- 4) меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан жинау мен өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда бұза отырып жүргізілген өзінің дербес деректерін жоюды талап етуге;
- 5) Заңмен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға;
- 6) меншік иесіне және (немесе) операторға өзінің дербес деректерін дербес деректердің жалпыға қол жетімді көздерінде таратуға келісім беруге (бас тартуға);
- 7) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, оның ішінде моральдық және материалдық зиянды өтеуге;
- 8) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

24. Субъект Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда өзінің дербес деректерін ұсынуға міндетті.

25. Меншік иесінің және (немесе) оператордың Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен дербес деректерді жинауды, өңдеуді жүзеге асыруға құқығы бар.

26. Меншік иесі және (немесе) оператор:

- 1) егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқасы көзделмесе, өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекітуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді қорғау үшін қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға және сақтауға;
- 3) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын сақтауға;
- 4) дербес деректерді жинау мен өңдеу мақсатына жеткен жағдайда, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда оларды жою жөнінде шараларды қабылдауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда субъектінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін алғаны туралы дәлелдемені беруге;
- 6) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге мерзімдер қарастырылмаса, субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтінішін алған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде субъектіге қатысты ақпаратты хабарлауға;
- 7) егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқа мерзімдер қарастырылмаса, субъектіге немесе оның заңды өкіліне ақпарат беруден бас тартылған жағдайда, өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дәлелді жауап беруге;
- 8) бір жұмыс күнінің ішінде:
  - ✓ дербес деректерді олардың дұрыстығын растайтын тиісті құжаттардың негізінде өзгертуге және (немесе) толықтыруға немесе дербес деректерді өзгерту және (немесе) толықтыру мүмкін болмаған кезде оларды жоюға;
  - ✓ субъектіге қатысты дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылуы туралы ақпарат болған жағдайда бұғаттауға;
  - ✓ дербес деректерді жинау, өңдеу фактісі Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып расталған жағдайда, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда жоюға;
  - ✓ дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарын бұзу фактісі расталмаған жағдайда дербес деректерді бұғаттауды алып тастауға міндетті.